

## **«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-ң кәсіпорын қызметінің даму перспективалары.**

Қаланың географиялық шекараларының үнемі кеңеоі және әлеуметтік- экономикалық дамудың белсенді өсуі өндіріс қуатын арттыруды және сumen жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңартуды талап етеді.

Шымкент қаласы сumen жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту және дамыту үшін 2029 жылға дейін мемлекеттік бағдарламамен расталған 93,6 млрд. теңге инвестиция сомасы қажет.

2011-2020 жылдарға арналған № 570, 24.05.2014 жылғы «Ақ бұлақ» бағдарламасы және 2012 жылдың 3 қыркүйегіндегі № 1134 Қазақстан Республикасы Үкімет қаулысымен бекітілген Шымкент қаласының бас жоспарының негізінде «Шымкент қаласын сumen жабдықтау және су бұру жүйелерін инвестицияландыруға негіздеме» РМК «Госэкспертизаның» Оңтүстік Қазақстан филиалының № 19-0138/15 21.02.2015 жылғы корытындағын сомасымен әзірленген.

Инвестиция негіздемесі бекіткен жалпы сомасы 93,6 млрд. теңгені құрады, соның ішінде:

-53,5 млрд.теңге 20 жыл мерзіміне қайтару негізінде 0,02% -бен мемлекет есебінен sumen жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

-40,1 млрд.теңге «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-ң теңгерімінде тұрган қолданыстағы sumen жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту және қайта құруына;

2009-2015 жж. Еуропалық қайта құру және даму банкімен жылына 5,5% сыйақы ставкасымен жалпы сомасы 54,0 млн.доллар ( 9,1 млрд.тенге) болатын 10 жыл мерзімге 4 келісімшарт жасалды. Толығымен игерілді. Еуропалық қайта құру және даму банкімен және ҚР Үкіметі және «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-мен жасалған үш жақты келісімшарттың негізінде «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 1624,0 млн.тенге субсидия бөлінуі жопарланған. 2016 жылы 974,0 млн. теңге бөлініп, толығымен игерілген, 2017 жылы 650,0 млн.тенге жоспарланып отыр.

1 ТРАНШ. 2008 жылы – 1,2 млрд. теңге. Су құбырлар желілері 68,7 км және 2,3 км кәріз жүйесінің желілері қайта құрылды. Өндіруді, залалсыздандыруды және суды тасымалдауды автоматтандыру жүргізілді. 110 бірлік жабдықтар мен арнайы техника сатып алынды.

2.ТРАНШ. 2010 жылы – 2,7 млрд. теңге. Тазарту құрылғыларының жабдықтары толығымен жаңғырту және биогаз қондырығысының құрылышы жүргізілді.

3.ТРАНШ. 2013 жылы – 2,1 млн.тенге. 14,4 км су құбырлары желісі және 12,1 км кәріз жүйелерінің желісі қайта құрылды, 1,4 мың автоматтандырылуға бейімделген жалпы көшелік және бас су өлшегіштер ауыстырылды, 147 көше бойы 5127 абонентке көшелік желілер ауыстырылды және де 3343 абонентке 50 үй бойынша ауыстырылды.

4.ТРАНШ. 2015 жылы – 3,1 млрд. теңге 2015-2017 жж. су құбырлары желісі мен кәріз жүйелерінің желісін қайта құру және жаңғыртуға.13,8 км апаттық кәріз коллекторы және 25,1 км тозығы кеткен су құбырларының желілері қайта құрылды. 9 бірлік жаңа арнайы техника сатып алынды. Кәріз жүйесін тазарту құрылғыларының қуатын 100 мың м3/тәул. бастап 150 мың м3/тәул. дейін арттыру жұмыстары басталды.

Шымкент қаласының белсенді дамуына және жаңа тұрғын мөлтекаудандардың және әлеуметтік-тұрмысты маңызы бар нысандардың құрылышына байланысты қазіргі уақытта қаланы дамытуудың бас жоспары бойынша ауыз sumen қамтамасыз ету және шайынды

суларды бұру қажеттілігі туралы мәселелер туындағанда отыр. Өз кезегінде, қаланың солтүстік жағында жақадан бас көтеріп жатқан мөлтек аудандардағы 80 мың адамды ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су қабылдағыш, II-ші көтергішті сорғы стансасын және диам. 920 мм екі су таратқыш салу қажет. Бұдан басқа, бүтінгі күнде, Шымкент қаласының су құбырынан көріз шаруашылығының 86 км су құбыр желісі және 51 км көріз жүйелерінің желісі, 40 жылдан астам қызмет еткен болғандықтан, тұтынушыларға сапалы қызмет көрсетуге жарамсыз.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-н инвестициялық бағдарламасында сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне 2016-2021жж ұзақ мерзімді кезеңге аталған нысандарды қайта құру және құрылышына қаражат бөлінбекен. Осы мәселелерді шешу үшін «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і ЕҚҚДБ-не 10 млн. теңге қарыз қаражат бөлу туралы етінім жіберген.

01.01.2016 ж. сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне 2016 жылдың 1 жарты жылдығына тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер қолданды. Тарифтердің прейскуранты КР ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің ОҚО бойынша Департаментінің 2014 жылдың 25 қарашадағы № 18-ОД бұйрығымен бекітілген.

01.07.2016 ж. бастап сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне 2016 жылдың 2 жарты жылдығына жаңа тұтынушылардың топтары бойынша сараланған тарифтер енгізілді, Тарифтер прейскуранты КР ұлттық Министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің ОҚО бойынша Департаментінің 2016 жылдың 16 маусымындағы № 179-ОД бұйрығымен бекітілген.

Тарату желілері бойынша суды беру және шайынды суларды бұру қызметтеріне тарифтер прейскурантына сәйкес 2016-2021 жж. орта мерзімді кезеңге Шымкент қаласы, бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне орташа тарифтің өсуі 10,4% құрап, Қазақстан Республикасы әлеуметті-экономикалық дамуының болжам көрсеткіштерінің деңгейіне сәйкес келеді.

#### Қызметтерге сараланған тарифтер (КҚС-сыз)

топтар	Қызметтер атапу	Тариф теңге/м3 ҚҚС-сыз	
I	Сүмен жабдықтау қызметі	01.07.2016ж бастап	01.07.2017ж бастап
	Шымкент бойынша	113,70	126,40
1 топ	Тұрғындар мен жылумен жабдықтаушы кәсіпорындар	68,90	78,10
2 топ	Бюджеттік үйымдар	308,21	345,20
3 топ	Өзгелер, 1 және 2 топқа қосылмағандар	239,09	267,25
	Су бұру қызметі		
	Шымкент бойынша	69,09	76,74
1 топ	Тұрғындар мен жылумен жабдықтаушы кәсіпорын	27,21	30,84
2 топ	Бюджеттік үйымдар	157,13	177,56
3 топ	Өзгелер, 1 және 2 топқа қосылмағандар	121,69	136,73

Бас директордың экономика  
және маркетинг жөніндегі орынбасары

БЖ және ЭБ бастыбы



Ж. Тұрдалиев

О. Оңланов